

## Қорғалжын ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2016 жылғы 13 мамырдағы № 3/3 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі Қаулысына сәйкес, Қорғалжын аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1. Келесі Қорғалжын аудандық мәслихат шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Қорғалжын аудандық мәслихатының 2013 жылғы 09 қазандағы № 3/19 " Қорғалжын ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешімі (№ 3856 нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік Тіркеу тізімінде тіркелген, 2013 жылдың 1 қараша "Нұр-Қорғалжын" аудандық газетте жарияланған).

2) Қорғалжын аудандық мәслихатының 2015 жылғы 17 қыркүйектегі № 2/39 " Қорғалжын ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Қорғалжын аудандық мәслихатының 2013 жылғы 9 қазандағы № 3/19 шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешімі (№ 4995 нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік Тіркеу тізімінде тіркелген, 2015 жылғы 8 қазанда " Нұр-Қорғалжын" аудандық газетте жарияланған).

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Аудандық мәслихат сессиясының  
төрағасы

Б.Мажитова

Аудандық мәслихат  
хатшысы

Ө.Балғабаев